

ШҚО МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ  
БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІМДЕР КІТАПХАНАСЫ» КММ

*«Бәрін таста да, оқуды баста»*

әдістемелік құрал

Өскемен қ., 2018 жыл.

## **Кіріспе**

*«Кітап - жан азығы, жыгылғанда сүйеу болады, адасқанда тура жолға салады»*

(Абайдың 41-қара сөзінен)

Елбасы Н. Ә.Назарбаевтың «...Бізге бұрынғы қай кездегіден де білім мен ғылымның баға жеткіліксіз қорын барынша арттыру, оны қазіргі заманға сай ету қажет» деген сөзі егеменді елімізде білім мәселесіне мемлекет тарапынан қаншалықты көңіл бөлініп отырғанын дәлелдейді. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап.

Кітап оқу адамзат ойлап тапқан ең тамаша құбылыстардың бірі. Рухани жан дүниеге демеу беріп, адамның адами қасиетін арттыратын да осы кітап. Кітап оқу әр адам үшін қажет, кітап көбірек алғыр ойлауға баулып, албырт сезімді тежеуге, ішкі барлық ойлау және сезіну қабілетімізді қалыптастыратын сезім тәрізді ми гимнастикасы болып табылады.

# Кітапты не үшін



## оқимыз?

### Назарларыңызға кітапты оқуға 10 себепті ұсынамыз

**1-себеп. Қиялымызды шарықтата түсеміз.** Кітапты оқып отырып, автордың айтпақ ойын көз алдымызға елестетіп, оны толықтырамыз. Осылайша есте сақтау қабілетіміз жақсарады.

**2-себеп. Кітап киноға қарағанда әлдеқайда жақсы.** Оқып отырған кезде миымызда суреттер салынады. Оны өзіміздің қалауымызға сәйкестендіреміз. Тіпті Голливуд режиссерінің өзі қиялыңыздан артық айтып бере алмайды.

**3-себеп. Адамдар жайында көп нәрсе білу.** Жақсы кітап кейіпкерлердің болмысын ашып, мінезін сипаттайды. Мұнымен қатар қиындыққа тап болған кезде қандай әрекеттер жасайтынын баяндайды.

**4-себеп. Жаңа әдеттерді үйренуге көмектеседі.** Кітапты өзіңіз қызығатын салаға байланысты таңдай аласыз. Мұнымен қатар арнайы мамандарға барып ақша құртпай, барлығын да кітап көмегі арқылы үйреніп алу мүмкіндігі бар.

**5-себеп. Ақылдырақ болу.** Әрбір оқыған кітабыңыз жаңа білім береді. Осылайша күн сайын ақылды боласыз.

**6-себеп. Түрлі көзқараста боласыз.** Бір тақырыпқа қатысты бірнеше кітап оқысаңыз, тақырыпты әртүрлі қырынан меңгеріп аласыз. Мұнымен қатар көзқарасыңыз бен пікіріңіз де өзгеріп отырады.

**7-себеп. Пікіріңізден бас тартуыңыз мүмкін.** Уақыт өте келе оқыған кітаптарыңыздың арқасында жаңа идеялар пайда болады. Мұның барлығы осыған дейін қалыптасып қалған пікіріңізді өзгертуге септігін тигізеді.

**8-себеп. Дүниетанымыңыз кеңейеді.** Әртүрлі тақырыптағы кітаптарды оқу арқылы сегіз қырлы, бір сырлы адамға айналасыз.

**9-себеп. Қызықты әңгімелесушіге айналасыз.** Көркем әдебиетті оқыған адам кез келген жанмен тіл табыса алады. Бұдан өзге романдағы қызықты оқиғаларды айтып таң қалдырады.

**10-себеп. Өзгенің тәжірибесін пайдалану.** Авторлар көрген-білгенін, өзінің тәжірибесінен сұрыптап алғанын ғана жазады. Ал сізде ол тәжірибелерді пайдалану мүмкіндігі бар.

(Ғаламтор беттерінен)

## **Кітап оқуға баулу**

Қазіргі кезде қоғамның ақпараттануы белсенді түрде жүруде. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар келесі өзгерістерді туғызды: ғаламтор арқылы қашықтан оқыту, ақпаратпен қамтуда кітапхананың рөлі нығайды, ғаламдық және коммерциялық байланыстардың көбеюі және т.б. Бұл жағдайда ақпараттық мәдениеттің қалыптасуы өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі кезеңге дейін «ақпараттық мәдениет» деген түсінікті қолданудың қажеттілігі болмаған.

Біртіндеп қоғамның ақпараттық өзгерістерге ұшырауы «ақпараттық мәдениет» деген түсінікті қалыптастырды.

Уақыт талабына сай қызмет көрстеу кітапхананың да алдына қойып отырған басты мақсаттарының бірі. Оқырмандарға кітап пен оқуды насихаттау барысында жұмыстың түрлі формалары мен әдістері қолданылады.

### ✓ «Алты ойшыл қалпақ» әдісі

Балалардың ойлау қабілетін дамытуда алты ойшыл қалпақ әдісін кең пайдаланады. Оның авторы американдық профессор Эдвард де Боно. Осы әдісті пайдалану кезінде мына жайттар болуы тиіс.

1. Әркім ойлану керек және ойларын айтады;
2. Ойлау дағдысының дамуының бірі;
3. Тым күрделі жағдайларды қарапайым жағдайлармен алмастыру керек;
4. Жоспарлы және сатылы әрекет болу керек;
5. Затты зерттеу қажет және сөз таластырмау керек;
6. Менің пікірім әрқашан дұрыс демей, керісінше пайдалы ұсыныстар жасау керек. Басты міндет оны көре білу;
7. Біз көрмей тұрған, бірақ көруге міндетті ететін шешімдер мен идеялар болуы керек.

Балалардың өзі ойлау қабілеттерінің ерекшеліктерін жақсырақ түсінуін, ойлау бейнелерін бақылаудың және мәселенің шешу кезінде ойлау үрдісін тиімді пайдалану мақсатында ойда қойылған міндеттермен нақтырақ байланыстыруға үйрету. Алты ойлау қалпақтары қарапайым және практикалық әдіс. Ол практикалық ойлаумен байланысты. Негізгі үш қиындықты жеңуге мүмкіндік береді:

1. Эмоциялар;
2. Шарасыздық;
3. Түсінбестік.

береді, олардың әрбіреулеріне түрлі түсті қалпақ сәйкес келеді. Бөлу арқылы әрбір тәртіп тиімдірек пайдаланады, жалпы ойлау үрдісі бір нүктеге топталып, тұрақты болады.

### **Алты қалпақты қолдану жоспары**

1. Әдіс принциптері мен қолдануды үйрену, бұл ережелерді есте сақтап, пайдалануды үйренуге және оларды саналы түрде тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.
2. Осыдан кейін нақты проблемаларды шешу кезінде ойлау бейнесін түсіну, бақылау және бейімдеу үшін белгіленген "ойлау тәртіптерін" қолдану.
3. Өзіміздің ойлау әдісімізді тек анықтау үшін қалпақты киіп, шешіп, ауыстырып, біз сол қалпақ көрсететін нақты рөлді өзіміз атқарамыз.

Алты қалпақтар әдісі – ойлау кезінде белгілі бір принципті пайдалану: кенеттен ойлаудың түрлі аспектілеріне бөлек-бөлек назар аударуды үйрену талпынысы. Нәтижесінде осы әр түрлі аспектілердің үйлесімділігі толық көлемде ойлатады. Алты ойлау қалпақтары бағалау және талдамалық ойлауды толықтыра түсетін шығармашылық және құрылымдық ойлау үшін арналады.

### **Қалпақтарды пайдалану ережелері**

1. Ойлау қалпағын киіп, біз сол қалпақ білдіретін рөлді иеленеміз.
2. Нақты түсті қалпақты шешіп, біз сол ойлау типінен бас тартамыз.
3. Қалпақты басқа қалпақпен ауыстыру кезінде ойлау әдісі ауысады. Бұл әдіс адамды ренжітпей, ойлау барысын ауыстырады. Біз айтылған ойларға қарсылық білдірмейміз, оларды ауыстыруды сұраймыз.
4. Өзіндік пікірді білдіру үшін тек қалпақты атауға болады, солайша қай ойлау әдісі пайдаланатындығы көрсетіледі. Мысалы, қара қалпақты киетіндігіңізді тек айтсаңыз ғана, сіз оны ұсынған адамға қарсылық білдірмей, идеяны талқылай аласыз.

**Алты ойлау қалпақтары**  
**Әр типтің қысқаша сипаттамасы:**

 A simple line drawing of a white cylindrical hat with a wide, flat brim. The hat is shown from a slightly elevated perspective.	<p><b>Ақ қалпақ</b> Ақ түс таза қағаз беті сияқты алалықсыз және объективті. Фактілер, ақпарат, сұрақтар негіз болады. Қандай ақпаратымыз бар? Айтылған пікірді растайтын немесе жоққа шығаратын қандай фактілер бар? Қандай ақпарат қажет? Жетіспейтін ақпаратты қалай аламыз? Қандай сұрақтар қойып, жауап алуымыз керек?</p>
 A 3D rendering of a red cylindrical hat with a wide, flat brim. The hat has a small red bow or ribbon detail on the side of the crown.	<p><b>Қызыл қалпақ</b> Қызыл түс ашуды, шиеленісті білдіреді. Қызыл қалпақта адамды эмоциялар, сезу, сезімдер билейді. Осыған байланысты менде қандай сезімдер туындайды?</p>
 A 3D rendering of a yellow cylindrical hat with a wide, flat brim. The hat has a small yellow bow or ribbon detail on the side of the crown.	<p><b>Сары қалпақ</b> Сары түс – күн көзінің, тіршілік түсі. Сары қалпақтағы адам оптимизмге толы, ол артықшылықтарды іздестіреді. Не себептен осыны істеу керек? Артықшылықтары қандай? Бұл кім үшін пайдалы? Артықшылықтар қалай пайда болады? Осының пайдалы жақтары бар ма? Қандай жағдайларда бұл пайдалы болады?</p>



### **Қара қалпақ**

Қара түс – қараңғылық, қаһарлық, бір сөзбен айтқанда – суық. Қара қалпақта адам қауіптілік танытады. Бұл көмектеседі ме? Қандай қателер бар? Кемшіліктері қандай? Бұл идея жүзеге аса алады ма?



### **Жасыл қалпақ**

Жасыл қалпақ – өсімдіктердің, молшылықтың, табыстылықтың түсі. Жаңа идеялар туындап, шығармашылық бастауын алады. Осы жағдайда не істей аламыз? Баламалы идеялар бар ма? – деген сұрақтар туындайды



### **Көк қалпақ**

Көк қалпақ – аспан түсі. Ол ұйымдастыру және басқарумен байланысты. Неге қол жеткіздік? Болашақта не істеу керек?

### **6-қалпақ әдісіне қосымша ақпарат:**

1. Неліктен қалпақтар? Қалпақ оңай киіліп, оңай шешіледі. Бұл біздің жағдайымызға қатысты, себебі біз ойлау типтерін түсті қалпақтар сияқты оңайлықпен ауыстыра алуымыз керек.
2. Ойлаудағы 90%-ға дейінгі қателер (техникалық емес салаларда) – бұл қабылдау қателері. Логикалық қателер өте сирек болады.
3. Алты қалпақтар әдісі біздің ойлауымызды байыта түсіп, анағұрлым жан-жақты етеді. Егер біз біреуді әлдебір нәрсе туралы ойлауды тек сұрасақ қана, жиі кезде олар



схемасын пайдалана отырып, затты талдауға шақырсаңыз, олардың қабылдау кеңдігі арта түседі.

### **Әдістің жақсы жақтары**

- Көрнекілік, меңгеру және қолдану қарапайымдылығы.
- Жағдайды көре алу және бірнеше көзқарастар тұрғысынан шешу.
- Өзіндік менменшілдікті ойлаудан аластатуға мүмкіндік береді.

Қорытындылап айтқанда мұндай әдіс балалардың ойлау қабілетін дамытады:

- Белсенділік, дербестік, шығармашылығы дамиды;
- Сөздік қорлары, тілдері, ойлау қабілеттері дамиды;
- Қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырады;
- Айналадағы заттың орта туралы түсініктері қалыптасады;
- Оқу тәрбие әрекетінде белсенді жұмыс жасауға дағдыланады;
- Өзіндік әрекет жасауға үйретеді.

### **✓ «Кластері»**

АҚШ-та пайда болған технология. Америка мұғалімдері бір нәрсені зерттеместен бұрын, белгілі түсініктер негізінде өзінің жеке үлгінді құрастыруың керек деп есептейді. Технология атауы ағылшын тілінен аударғанда “**clustery**” – шоқтанып, шоғырланып өсу деген мағынаны береді. «**Кластер**» ағылшын тілінен аударғанда түп, сабақ. Кластер – қандай-да бір тақырыпты ашық және еркін ойлауға ықпал етуге арналған әдіс. Интерактивтік тақтада берілген сөз бейнеленген сурет көрсетіледі. Балалар осы сөзге қатысты басқа сөздерді атайды. Берілген бірнеше суреттердің арасындағы байланыстарды табу тапсырылады. Бұл әдісті жеке және топпен орындауға болады.

## ✓ «Әдеби шенбер» әдісі

**Топқа бөлу** (5 мин.). 5 түсті гүлдер арқылы топқа бөлу. Қатысушыларға 5 түсті гүлдер таратылады. Гүл шоқтарын құрау арқылы 5 топқа бөлінеді.

**Мақсаты:** Әдебиетті талдау іс-әрекетінің түрлі аспектілеріне көз жеткізе алады.

### **Орындау жоспары:**

Әрбір топқа бес әр түрлі рөл беріледі. Әрбір топ әдебиеттің өзінше бірегей сараптамасы, әрқайсысы өз ойларын бөліседі.

### **Талқы себепшісі**

Сіздің тобыңыз талқылайтын әдебиет туралы 3 немесе 4 сұрақ құрастырыңыз. Әңгіменің түрлі бөліктері мен басты тақырыбын қамтығандығыңызға көз жеткізіңіз. Сұрақтар жай ғана иә немесе жоқ деген жауапты талап етпейтін, талқыға және сараптамаға себеп болатын ашық сұрақ болуы тиіс. Соңынан сіз сыныппен бөлісе алатындай өз тобыңыздың жауаптарын жазыңыз.

### **Топтар: Белгілеуіш**

Мәтінге көз жүгіртіп, әңгіменің жалпы тақырыбы мен маңызына қатысты 3 немесе 4 маңызды бөліктерін белгілеңіз. Олар қызықты, күлкілі, ой тудыратын, жарқан немесе тіпті жақсы жазылған болуы мүмкін. Бөліктерді өз тобыңызға дауыстап оқыңыз және олардың маңыздылығын талқылаңыздар. Беттер нөмірімен кейбір маңызды тіркестерін жазып алыңыз; сыныппен бөлісуге бір немесе екеуін таңдап алыңыз.

### **Байланыстырушы**

Мәтін мен шынайы өмір арасындағы 2 немесе 3 байланысты табыңыз. Бұл оқиғаларға сіздің жеке өміріңізден, мектепте болып жатқан іс-шаралардан, басқа жерлер мен уақытта болып жатқандардан, басқа адамдар өмірінен, күнделікті жаңалық тақырыптарынан немесе тіпті теледидар бағдарламаларынан алынған оқиғалар жатуы мүмкін. Оларді тізіңіз, тобыңызбен бөлісіңіз және талқылаңыздар.

Мәтіннің мазмұнын қорытындылаңыз (басы, ортасы және соңы) және қорытындыңызда маңызды жерлерді атап өтіңіз. Маңызды бөліктер оқығанда басты тақырыпты білдіреді, сондықтан оларды қорытындыдан бөлек жазып қойыңыз.

### **Суреттеуші**

Мәтінге қатысты нақты немесе абстрактілі сурет салыңыз. Сурет салу қабілеті бұл жерде басты емес; оның орнына сіз мәтіннің басты оқиғасын немесе кейіпкерін суреттегеніңіз маңыздырақ. Сізге таяқшаларды, мультфильм бейнелерін немесе тіпті диаграмма немесе сызбанұсқа қолдануыңызға болады. Тобыңызбен бөлісіңіз; алдымен олар оны сараптай алатындығын байқаңыз, сосын ғана мағынасымен бөлісіңіз.

**Тапсырма:** Мұқият оқу

**Мақсаты:** Мұқият оқу мен мәтінді терең түсіну арасындағы байланысты анықтау

**Орындау жоспары:** Оқу сауаттылығын бағалау үш өлшемге негізделген: мәтіндер, сұрақтар және ахуалдар. Мәтіндер мен тапсырмалардың жіктемесіне қарамастан, оқу элементтері өзара тығыз байланыста болады.

## **Кітап әлемінің қызықтары**

Адамзат ақыл-ойының көркем жемісі болып саналатын кітап ешқашан өз құндылығын жоғалтқан емес. Баспа кітаптың тарихы Гутенберг қария шығарған 42 беттік «Інжілден» басталады десе де, қазақ кітабының тарихын көне руна жазбалары мен Орхон-Енисей маңынан табылған тас ескерткіштерден таратуға болар. Ақпараттық технологиялар қаншалықты дамып, кітаптың орнын ығыстырып жатқанымен, көз майыңды тауысып, кітапты жата-жастана оқудың рақаты бір бөлек. Алайда күнделікті қолданыста жүрген кітаптың өзіндік қызықтары бар екеніне көңіл бөле бермейміз. Ендеше, кітап әлеміне саяхат жасап көрсек...

## Рекорд жасаған кітаптар

Әлемде өзінің ең үлкен көлемімен таңғалдырып, рекордтар тізіміне енген кітаптар бар. 1976 жылы АҚШ-тың Денвер қаласында шығарылған 300 беттік «Суперкітап» Гиннеске «ең үлкен кітап» ретінде енген болатын. Биіктігі 3 метрге жуықтайтын бұл алыптың салмағы 252,6 келіге тең. Сондай-ақ рекордтар кітабына енген тағы бір кітап – биіктігі 180 сантиметрлік «Magnificent Maps: Power, Propaganda and Art» кітап-картасы. 37 карта жинақталған бұл атласты 1660 жылдары сол кездегі ағылшын королі Карл II-ге арнап шығарған екен. Негізінде, бұл атлас рекордтар кітабына өзінің үлкен көлемі бойынша енгізілгенімен, ол танымдық-ақпараттық тұрғысынан да өте құнды. Өйткені бұл кітап-карта арқылы сол заманның тарихын зерделеуге болады. Енді беріге келсек, солтүстіктегі көршіміздің баспагерлері көлемі шағын бөлменің аумағына тең болатын, 6х3 метрлік кітап шығарған. 2004 жылы «Кішкентайларға арналған ең үлкен кітап» деген атпен «Ин» баспасынан жарық көрген бұл туындының салмағын бала тұрмақ, ересек адам да көтере алмайды. Шамамен жарты тонна болатын алып кітап – бар-жоғы 4-ақ бет. Орыстың балалар ақындарының 12 өлеңі жинақталған бұл туынды бүгінде тек көрмеге қоюға жарап тұр.

Ал ең кішкентай кітап ретінде рекордтар кітабына енген – Массачусетс технологиялық институты шығарған «Новый Завет» пен Антон Чеховтың «Хамелоны». Алғашқысының көлемі 5х5 мм құраса, «Хамелеонның» биіктігі мен ені – 0,9х09 мм. 2001-2002 жылы жарық көрген бұл кітапты оқу оңайға соқпасы анық. Алайда бүгінде нанотехнологияның дамуының арқасында одан да кішкентай кітаптар жасалып жатыр. Мәселен, Симон Фразер университетінің нанотехнологтары «Teeny Ted from Turnip Town» атты басылым шығарған. Көлемі 0,07х0,1 мм құратын кітапшаны тек қана электронды микроскоп арқылы оқуға болады.

## **Дерек пен дәйек**

1. Әлемде шығарылған ең кішкентай 12 кітаптың басын қосқанда, барлығы бір ас қасыққа сыйып кетеді екен. Олардың ішінде «Құранның» кішкентай басылымы, ағылшын тілінің сөздігі, Францияның Ата заңы бар...
2. Тағы бір қызық кітап – «Медицина өнерінің жалғыз және өте терең құпиялары» деп аталады. Ол голландиялық атақты дәрігер Герман Бурхавенің заттарының ішінен, ол өмірден өткеннен кейін табылған. Бұл 100 беттік кітап аукционда 10 мың долларға сатылған. Кітапты ашып қараса, бүкіл беттері тап-таза, тек титулдық бетінде «Басыңды суықта, аяғыңды жылыда ұста, сонда ең жақсы дәрігерді кедейге айналдырасың» деген жазу болған.
3. Кітап ұрлайтын ең белгілі библиоклептоман Стивен Булмберг болған көрінеді. Ол өз өмірінде 268 кітапханаға ұрлыққа түсіп, 23 мыңнан аса сирек кездесетін кітап ұрлаған. Құны 20 миллион доллардан асатын кітапханасын толықтыру үшін Блумберг кітап ұрлауда түрлі қитұрқы әдістерді қолданған.
4. Егер бүгінгі күнге толық жететін болса, ең үлкен энциклопедия – Үлкен Қытай энциклопедиясы болар еді. Жалпы көлемі 11095 томды құраған бұл кітаптың тек 400 томы сақталыпты.
5. Кітап оқыған кезде адамның екі көзі әртүрлі әріптерге қарап тұрады.
6. Ал Рио-де Жанейро қаласының 400 жылдық мерейтойына орай кітапты тат баспайтын болаттан басып шығарған. Оның салмағы 3 тоннаға жетеді.

(Ғаламтор беттерінен. Ү. Бакелекова)

## **Минутына қанша сөз оқисыз?**

1. Наполеон минутына екі мың сөз оқыған.
2. Бальзак романның 200 бетін жарты сағатта оқитын болған.
3. М.Горький минутына төрт мың сөз оқыған.
4. Н.А.Рубакин өмірінде 250 мың кітап оқыған.

## **Кітап оқудың денсаулыққа пайдасы**

Ғалымдардың айтуынша кітап оқу – рухани жетілуге ғана емес, тән саулығына да керемет пайдалы екендігін дәлелдеп отыр. Медицина ілімінде үлкен мидың жұмыс бүкіл дене организмдеріне тікелей әсер етеді делінген. Сол үшін де биология саласында «үздіксіз қозғалыстағы клетка жасарып отырады дейтін» көзқарас бар.

Жақында ғалымдар кітап оқу, сурет, музыка, жазушылық секілді ақыл-ой еңбегімен шұғылданатын адамдардың жүйке-жүйесінің басқа адамдардан әлдеқайда тез дамидынын және қартайған кезде де жүйке-жүйенің шаршауы, әлсіреуі және үлкен мидың қартаюы болмайтынын дәлелдеді. Қан тамырдың, өкпе, жүрек және басқа да ағзалардың сау денелі болуы үшін дене әрекеті маңызды орында тұратыны белгілі. Бірақ, барлық дене мүшесіне әсер ететін үлкен миды жаттықтырудың ең тамаша тәсілі кітап оқу. Кітап оқу – жүйке жүйесін шынықтыру, дене-білімді күшейту, әртүрлі аурулардың алдын алуда тамаша маңызға ие.

## **Қорытынды**

Кітап – рухани сарқылмас қазына. Кітап деген де, әр адамның түсінігі әр түрлі. Мәселен біреулер ермек үшін оқыса, біреулер адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы деп түсінеді. Білімнің қайнар бұлағы - кітап деп бекер айтпаған. Сондықтан да мұны адамзаттың баға жетпес құндылығы деп білеміз. Кітап оқымай өмірді біту, білім алу мүмкін емес шығар. Қазіргі уақытта бүлдіршіндерге, студенттерге, жасөспірімдерге кітап оқуға толық мүмкіншілігі бар.